

Торғай облысының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 сәуірдегі N 527

"Қазақстан Республикасының 1996 жылғы экономикалық жағдайы және оны жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 қаңтардағы кеңейтілген мәжілісінің шешімдерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі:

1) 1998 жылы республикалық бюджеттің қаражаттары есебінен, қайтарылмайтын негізде қаржыландырылатын объектілердің тізбесін қалыптастыру кезінде бизнес-жоспарлау ұсыну сәтінен бастап бір ай мерзім ішінде Торғай облысы бойынша мынадай объектілерді:

Қараторғай су жүргізбесін кеңейтуді;

Есіл қаласы канализацияларының құрылысын енгізудің мүмкіндігін қарасын;

2) бизнес-жоспарлар ұсынылған сәттен бастап бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп тұрақты инвесторларды іздестірудің немесе 1998 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің несиелік қаражаттарының есебінен, қайтарылатын негізде қаржыландырылатын басымдық объектілердің тізбесіне мынадай жобаларды:

Арқалық қаласындағы қуаты 10 МВт жел электростанциялары кешенін;

Арқалық ЖЭО қуаты 12 МВт N 3 турбоагрегаты қондырғысын енгізудің мүмкіндігін қарасын;

3) екі айлық мерзім ішінде облыстардың әкімдерімен бірлесіп:

ас тұзы мен балықты қайта өңдеу, Торғай поселкісінде балық консервілерін өндіру; спирт өндіру;

Красногор поселкесінде сұйық шыны өндіру салаларында шағын және орташа бизнесті дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды қарасын;

4) 1997 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Республикалық ұланы үшін мемлекеттік сатып алуды қалыптастыру кезінде оның мамандануы мен көрсетілген министрліктермен ұзақ байланысын ескере отырып тендерлік негізде киім-кешек тігу жөніндегі "Наталия" шағын жеке кәсіпорнының ұсынысын қарасын;

5) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бірлесіп "Армаш" акционерлік қоғамының 2000 жылға дейін ауыл шаруашылығы машиналарын жасауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға қатысу мүмкіндігі туралы

мәселені қарасын;

6) облыстық стандарттау орталығын газды, суды, жылу энергиясын есептеу аспаптарын тексеру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жабдықтармен жарақтандыру жөнінде шара қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) бір ай мерзім ішінде облыстың республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарына берешектерді, бірінші кезекте коммуналдық қызметтер мен электр энергиясы үшін, өтеу туралы мәселені шешсін;

2) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп канаданың "Уорлд Уайт Минералз" фирмасының құрамына N 4 Красногор руда басқармасы кіретін "Тың тау-кен химия комбинаты" акционерлік қоғамын басқаруға арналған келісім-шарт бойынша бюджетке және бюджеттік емес қорларға төлемдер бойынша электр энергиясы үшін берешегі бөлігінде өзінің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету, рудникті дамытудың одан арғы перспективаларын әзірлеу мен келісу және Красногор поселкесінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін объектілердің қалыпты жұмысын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, "Қазақойл" Ұлттық мұнайгаз компаниясы кен орындарын барлау және сирек жер элементтері мен мұнайгаз өндіретін құрылымдарды өнеркәсіптік концентрациялау жөніндегі геологиялық-барлау жұмыстарына республикалық бюджетте көзделген қаражаттардың есебінен іздеу-барлау жұмыстарын жүргізудің мүмкіндігін қарасын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі белгіленген тәртіппен олардың базасында отын-энергетика кешенін құру арқылы Орлов және Қызылтал қоңыр көмір кен орындарын игеруге арналған құқығын халықаралық тендерге шығарсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) Мемлекеттік ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорымен бірлесіп белгіленген тәртіпте шаруа (фермерлік) қожалығын дамыту, қой шаруашылығына қолдау көрсету үшін және Ведомствоаралық кеңес бекіткен сметалардың шегінде тұқым өсіру шаруашылықтарына асыл тұқым беру үшін қаражаттар бөлу туралы мәселені қарасын;

2) Торғай облысының ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерінің тапсырысы бойынша, лимитке сәйкес 1997 жылы лизингтік негізде техникалық құралдарды беруді көздерін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі бір ай мерзім ішінде Қалашы темір жол станциясын ашу туралы мәселені пысықтасын.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бір ай мерзім ішінде облыс әкімдерінің сақтандыру жарналары бойынша Қазақстан

Республикасының Зейнетақы қорына берешектері мен ағымдағы төлемдерді өтеу кестесін орындауы шартымен зейнетақы төлеу жөніндегі кешіктірілген берешектерді өтеу үшін қайтарылатын негізде 120 млн. теңге бөлу мүмкіндігін қарасын.

8. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бір ай мерзім ішінде Торғай облысының Степное поселкесіндегі әскери бөлімшенің босаған тұрғын жайларын пайдаланудың мүмкіндігін қарасын.

9. Торғай облысының әкімі:

1) 1997 жылға арналған тереңдетілген реформа жөніндегі облыстық Іс-қимыл жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерін терең қайта өңдеу жөніндегі жаңа өндірістер құрудың есебінен аймақтық өнеркәсіптік әлеуетін өркендету жөнінде бағдарлама әзірлесін;

3) 2000 жылға дейін мал шаруашылығы салаларын тұрақтандыру және одан әрі дамыту жөнінде кешенді аймақтық бағдарлама жасасын;

4) 1997 жылы шаруашылықтардың вексельдік бағдарлама, 1995-1996 жылдардағы тұқымдық және жем-шөптік қарыздар бойынша астық саласындағы берешектерін мемлекеттік ресурстарға қайтаруын қамтамасыз етсін;

5) Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жанар-жағармай материалдарын, запас бөлшектер мен техникалар алуына арналған шарттар жасасуына ықпал ететін жағдайлар жасау жолымен 1997 жылы көктемгі дала жұмыстарын жүргізу жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын;

6) банкроттық туралы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес дәрменсіз мемлекеттік (коммуналдық) кәсіпорындарды санациялау, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде шаралар қабылдасын;

7) 1997 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген болжамды сомаларды орындауға айрықша назар аудара отырып салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуіне бақылауды күшейтсін;

8) бұрын билік ету шектелген астықты, алынған қаражаттарды тиісті деңгейлердегі бюджеттерге бағыттап, аукциондар арқылы сатуды жүзеге асырсын. Бюджеттік мекемелердің жалақы мен зейнетақылар бойынша берешектерін өтеу және бұдан әрі оған жол бермеу жөнінде шаралар қабылдасын.

10. Бір апта мерзім ішінде Торғай облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан су жайылуына қарсы шаралар мен авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге 10 млн. теңге бөлінсін.

11. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК